



ЖАМБЫЛ – ҚАЛАМҒЕРЛЕР МЕКЕНІ

ЖАҢА ЖИНАҚ ОҚЫРМАНҒА ЖОЛ ТАРТТЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық құрылтай мінберінде сөйлеген сөзінде: «Жастарды кітап оқуға баулу – ұлт болашағын кемелдендірудің кепілі. Сонда ғана біз жаппай кітап оқитын зерделі қоғамға айналамыз», – деп атап өткені баршаға мәлім. Бұл ойдың өзегінде қоғамның рухани дамуы мен интеллектуалдық әлеуетін арттыруға бағытталған терең мән жатыр...

Аружан КҮНТУБАЙ

Кітап не үшін керек? Әлбетте, білім кәусарынан сусындап, таным көкжиегін кеңейту үшін. Кітап – адам баласына жөн сілтер шамшырақ, көңіл көзін ашар қазына. Ол арқылы адам жаңа дүниені танып, ой сарасын байытады. Осы ретте 23 сәуір – Ұлттық кітап күні мен Кітапханашылар күніне орай аудандық орталық кітапханада «Жамбыл – қаламгерлер мекені» атты кітаптың тұсаукесер рәсімі өтті. Зиялы қауым өкілдері, кітапхана қызметкерлері, оқырмандар мен жас буын өкілдері қатысқан алқалы жиында жергілікті ақын-жазушылардың әр жылдары жазған шығармалары топтастырылған жинақ көпшілік назарына ұсынылды. Сөз зергерлерінің сара жолын кейінгі ұрпаққа үлгі етіп, алдыңғы буын ағалардың тағылымды тағдырын таныта отырып, талапты жастарға



қанат бітірген бұл еңбек – туған жерге деген інкәр сезіммен өрілген жәдігер туынды. Оқырманның зердесін байытатын бұл кітап – ойлы қауымға арналған рухани олжа, парасат иелеріне жол тартқан қымбат қазына. Сонымен қатар, бұл бастама туған жерден түлеп ұшқан қаламгерлердің еңбегін ұлықтап, олардың шығармаларын кеңінен насихаттауға бағытталған. Аудан әкімі Ерлан Қыдыралыұлы, Қазақстан Журналистер одағының Жамбыл облысы бойынша төрағасы

Жаңабай Миллионов, аудандық Қоғамдық кеңестің төрағасы Рүстем Бегалиев жинақтың кермесін қиып, жылы лебіздерін білдірді. – Бұл игі бастама ел руханиятының еңсесін тіктеген, алтын арқауы үзілмеген бекада дәстүрдің айқын көрінісі болды. Сөз маржанын терген сөз зергерлерінің басын қосқан бұл құнды еңбек – өңірдің рухани ғұмырнамасын айшықтайтын асыл қазына, көнеден жеткен киелі шежіре іспетті. Кітап – елдің рухани шырағы, халықтың сан ғасырлық парасатын

бойына жиган ғибратнама десек те болады. Осындай берекелі, ғибратты істердің өрісі кеңейіп, ұрпаққа үлгі болып жалғаса беруі – баршамызға ортақ перзенттік парымыз, – деген өңір басшысы Ерлан Қыдыралыұлы жинаққа жергілікті қаламгерлердің таңдаулы шығармалары енгізілгенін атап өтіп, оның әдеби мұраны жүйелеу мен жас ұрпаққа рухани бағдар берудегі маңызын ерекше атап өтті. – Сөздің киесін терең ұғынған, дуалы ауызға тоқтам қылған текті жұрттың жалғасы екеніміз осы

еңбектен айқын аңғарылады. Жыр мен толғам иірімі астасқан бұл туынды – көнеден жеткен сөз зергерлігінің жалғасы. Осылайша, ол ұлттың рухани жадын жаңғыртып, сөз өнерін қайта тірілтіп, асыл арна ретінде бағаланбақ, – деп Рүстем Әлішұлы жылы лебізін жеткізді.

Сондай-ақ ел ағалары Жаңабай Миллионов, Байтанағали Төлентаев пен Бакытжан Әлімқұлов сөз алып, жаңа жинақтың рухани маңызына тоқталды.

– Көнеден жеткен асыл сөздің салмағы бүгінгі күнде де өз қадір-қасиетін жоғалтқан емес. Бұл жинақ – елдік сананың тамырын тербетіп, рух пен тарихтың тұнған қазынасына айналған құнды еңбек. Ұрпақтың көкірек көзін ашып, бағыт-бағдар берер тағылымды дүние деп білемін, – деп Жаңабай Миллионов бұл еңбектің ұлт руханиятын кемелдендіріп, жас буынның таным көкжиегін кеңейтетін шоқтығы биік дүние екенін ерекше айтты.

– Бұл еңбек – рух биігін айқындап, ел танымын тереңдеткен рухани тұғыр. Сөзді қастер тұтқан жұрттың болмысы мен пайым-парасаты осы жинақтан айқын, тайға таңба басқандай сезіледі. Келешекке жетер, уақытпен бірге жасай берер асыл мұра болғай. Осы орайда, ол ұрпақ санасына сәуле түсіріп, елдік ойды еңселендіре түсетін рухани бағдар ретінде ерекше бағалы, – деп Бакытжан Советұлы жастарды ізденіске шақырып, жылы естеліктерімен бөлісті.

→ 2



АВТОЖОЛ БОЙЫ ТАЗАРТЫЛДЫ



Көктемгі тазалықтың екі айлығын өткізу жөніндегі іс-шаралар жоспарына сәйкес аудан аумағын абаттандыру және санитарлық тазалықты сақтау мақсатында тазалық жұмыстары уақтылы жүргізіліп келеді. Игілікті ортақ істен мекеме-ұйым қызметкерлері де, қарапайым азаматтар да тыс қалмауда. Барлығы да барынша тазалық жұмыстарына қатысып, үлес қосуда.

Ильяс ҚАЛЫБЕКОВ

«Таза Қазақстан» экологиялық акциясы аясында аудандағы бірлігі жарасқан мекеме-ұйым қызметкерлері «Аса-Тараз» бағытындағы автожол бойына сенбілікке шықты. Жол бойын ретке келтіріп, қоқыстан арылтты. Өсіп кеткен

шөптерді шауып, тырмалап, тұрмыстық қалдық заттарды арнайы техникаға артты. Талдарды бұтап, әктеді. Осылайша, автожол бойын тазартып, көркіне көрік берді.

Аудан әкімдігі тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің мәліметіне сәйкес, сол күні сенбілікке 1000-ға жуық адам қатысып, 14 техника жұмылдырылған. 31 тонна күл-қоқыс сыртқа шығарылған.



«Ол көктем оралмайды...»

Иә, халқымыздың асыл перзенттерінің бірі, сүйікті ақыным Қасымханның «Ол көктем оралмайды» деген әнін тыңдап отырмын. Жанарымда мұнарлап жас толқыды. Сағыныш жасы. Айнаға қарадым. Маңдайыма қатарласа түскен қос сызық қосылмайтын рельестердей тереңдей түсіпті. Менің тағдырымда тоғыспай кеткен жолдар іспетті.



Тұрсынқұл ЕНТАЙ, «Шұғыла» газетінің 1975-1984 жылдар аралығындағы тілшісі.

→ 3

ЖАЗЫЛЫМ-2026

ЖАМБЫЛ АУДАНДЫҚ «ШҰҒЫЛА-РАДУГА» ГАЗЕТІНЕ «КАЗПОШТА» АҚ ЖӘНЕ РЕДАКЦИЯ АРҚЫЛЫ 2026 ЖЫЛДЫҢ ЕКІНШІ ЖАРТЫЖЫЛДЫҒЫНА ЖАЗЫЛУ ЖҮРІП ЖАТЫР



6 айға – 3763,50 теңге

РЕДАКЦИЯ АРҚЫЛЫ ЖАЗЫЛУ БАҒАСЫ:

6 айға – 2700 теңге

Жазылым индексі 68991

ЖАЗЫЛЫМ БӨЛІМІ: 2-17-98, 8 747 659 42 68



Соңы. Басы 1-бетте

ЖАҢА ЖИНАҚ ОҚЫРМАҢҒА ЖОЛ ТАРТТЫ



– Сөзге тоқтаған, өнерді өмір өзегіне айналдырған халықтың рухани болмысы осы жинақта айқын бедерленген. Бұл – көне сарынның жаңғырығы мен бүгінгі күннің де танымын байытқан терең дүниетанымының көрінісі. Ұрпаққа аманат, ел жадында мәңгі сақталатын кастерлі қазына болсын, – деген Байтанағали Төлентаев бұл еңбектің ел шежіресін түгендеп, сөз қадірін қастерлейтін оқырман қауым үшін құнды қазына болатынын айтып, ажарма тілегін жеткізді.

Жинаққа туған жердің әр белесін, тарихы мен тағдырын, ел мен жерге деген перзенттік сүйіспеншілікті арқау еткен жамбылдық қаламгерлердің жарқын туындылары топтастырылған. Әр уыс топырағын қасиет тұтып, өмір шежіресін жырға қосқан бұл шығармаларды жинақтап, кітапты құрастырып, баспаға әзірлеген – Сансызбай Бертайұлы.

Қазақ әдебиетінің қайнар бұлағы, талай тарлан таланттарды түлеткен киелі Жамбыл топырағы – сөз зергерлерінің құтты мекені. Осы орайда қаламгерлердің туынды-

ларын тоғыстырған бұл жинақ рухани қазына түгендеуге бағытталған сүбелі еңбек деуге толық негіз бар. Салтанатты жиында кітапхананың тұрақты оқырмандары – Сансызбай Махамбетқұлов, Әлдибай Әуелбаев, Сәрсенбай Күзербаев, Талант Күшеков, Бернар Сертеков, Гүлмира Боранбаеваға құрмет көрсетіліп, марапат төрінен көрінді. Сонымен қатар, мәдени-рухани шараларға ұдайы қолдау білдіріп жүрген бірқатар мекемелер де назардан тыс қалмады. Атап айтқанда, Б.Момышұлы атындағы мектеп-гимназиясы, Ю.Гагарин атындағы мектеп-лицейі, Рахат бастауыш мектебі, №1 орта мектеп пен «Жамбыл облысы әкімінің жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының Жамбыл облыстық арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету балалар орталығы» аудан әкімінің Алғыс хатымен марапатталды.

Шара мәдени бағдарламамен сабақтасып, әсем ән мен сазды әуен көпшілікке көтеріңкі көңіл күй сыйлады.

КЕЗДЕСУ

ӘЛЕМ ЧЕМПИОНДАРЫ ОҚУШЫЛАРМЕН ЖҮЗДЕСТІ



Дүйсенбі күні Айшабибі ауылындағы №7 орта мектепте ел мақтанаштары, ауыл тумалары, әуесқой бокстан әлем және Азия чемпиондары Айбек және Нұрбек Оралбайлармен кездесу өтті. Мектеп әкімшілігі ағайынды чемпиондарды сән-салтанатымен қарсы алды. Қолдарына ту ұстаған бастауыш сынып оқушылары мектепке кірер жол бойымен дәліз түзіп, боксшылардың есімдерін ұрандатып, құрмет көрсетті.

Ильяс ҚАЛЫБЕКОВ

Еркін форматта өткен келелі кездесуде ағайынды чемпиондар оқушылармен емен-жарқын әңгімелесіп, өздерінің спортқа қалай келгенін, алғашқы жарысын, алған жүлдесін, бәсі биік байрақты бәсекелерде қалай топ жарғанын тілге тиек етті. Әрбір жетістік бапкерлердің ерен еңбегімен, спортшылардың шелектеп төккен терімен келетінін, бастысы тәртіпке бағыну, бапкерлердің айтқанын бұлжытпай орындау керектігін баса айтты. Қазіргі жасөспірімдер салауатты өмір салтын ұстанып, спортпен айналыса, келешекте еліне пайдасы тиетін мықты

тұлға болып қалыптасатынын жеткізді. Оқушылар тарапынан қойылған сауалдарға тұщымды жауап берді. Ерекше сұрақ қойған білімгерлерге өздерінің қолтаңбасы бар былғары қолғаптарды сыйға тартты. Мектепалды даярлық сыныбында сауатын ашқан Қаламқас Құрманбаеваны, бастауыш сыныпта сабақ берген Назима Төртқұлбаеваны ортаға шығарып, ұлағатты ұстаздарға жуырда Азия біріншілігінде алтын медальдарын сыйлады.

Жылы жүздесуде мектеп әкімшілігі Айбек пен Нұрбекке, сондай-ақ Оралбай атасына сый-құрмет көрсетіп, үстеріне заманауи шапан жапты.

Соңынан оқушылар чемпиондармен естелік суретке түсіп, қолтаңба алды.

Жамбыл облысы Жамбыл ауданы Ерназар ауылдық округі әкімдігіне кандидаттарды тіркеу қорытындылары туралы ақпарат (2026 жылғы 17 мамырдағы сайлау)

2026 жылғы 26 сәуір сағат 18.00-дегі жағдай бойынша

№	Аты, әкесінің аты, тегі	Туған жылы	Жұмыс орны және тұрғылықты жері	Кім ұсынды немесе өзін-өзі ұсыну тәртібімен
1.	Базарбек Елдос Қанатұлы	24.04.1996	«Жамбыл ауданы Өрнек ауылдық округі әкімі аппараты» КММ Жамбыл облысы, Жамбыл ауданы, Өрнек ауылы, Омаров көшесі №7	өзін-өзі ұсыну тәртібімен
2.	Сәдір Нұрсейіт Әсетұлы	25.08.1997	«Жамбыл ауданы әкімі аппараты» КММ Жамбыл облысы, Жамбыл ауданы, Ерназар ауылы, Ә.Еркебаев көшесі №18	«Amanat» партиясы
3.	Суюнбеков Мират Мухтарович	02.11.1993	Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Жамбыл ауданы білім бөлімінің Ә.Ысмайылұлы атындағы орта мектебі Жамбыл облысы, Жамбыл ауданы, Ш.Ниязбеков ауылы, Бәйтік көшесі №34	өзін-өзі ұсыну тәртібімен
4.	Ыбышев Дулат Бахытулы	21.07.1994	Жамбыл ауданы әкімдігі тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жөлаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі Жамбыл облысы, Жамбыл ауданы, Тастөбе ауылы, Т.Рысқұлов көшесі №7	өзін-өзі ұсыну тәртібімен

Информация об итогах регистрации кандидатов в акимы Ерназарского сельского округа Жамбылского района Жамбылской области (выборы 17 мая 2026 года)

по состоянию на 18.00 часов 26 апреля 2026 года

№	Фамилия, имя, отчество	Год рождения	Место работы и жительства	Кем выдвинут или в порядке самовыдвижения
1.	Базарбек Елдос Қанатұлы	24.04.1996	КГУ «Аппарат акима Орнекского сельского округа Жамбылского района» Жамбылская область, Жамбыльский район, село Орнек, улица Омарова №7	Выдвинут в порядке самовыдвижения
2.	Сәдір Нұрсейіт Әсетұлы	25.08.1997	КГУ «Аппарат акима Жамбылского района» Жамбылская область, Жамбыльский район, село Ерназар, улица А.Еркебаева №18	Выдвинут от партии «Amanat»
3.	Суюнбеков Мират Мухтарович	02.11.1993	Средняя школа имени А.Ысмайылұлы отдела образования Жамбылского района управления образования акимата Жамбылской области Жамбылская область, Жамбыльский район, село Ш.Ниязбеков, улица Байтик №34	Выдвинут в порядке самовыдвижения
4.	Ыбышев Дулат Бахытулы	21.07.1994	Отдел жилищно-коммунального хозяйства, пассажирского транспорта и автомобильных дорог акимата Жамбылского района. Жамбылская область, Жамбыльский район, село Тастөбе, улица Т.Рыскулова №7	Выдвинут в порядке самовыдвижения

Жамбыл ауданы әкімдігінің ХАБАРЛАМАСЫ

Жамбыл аудандық аумақтық сайлау комиссиясының 2026 жылғы 8 сәуірдегі №8 қаулысына сәйкес, 2026 жылдың 17 мамырына тағайындалған Ерназар ауылдық округі әкімінің сайлауына кандидаттардың сайлаушылармен шарттық негізде берілетін үй-жайларда кездесу кестесі.

2026 жылдың 17 мамырына тағайындалған Ерназар ауылдық округі әкімі сайлауына кандидаттардың сайлаушылармен кездесу өткізу кестесі (2026 жылдың 27 сәуірі мен 15 мамыры аралығы)

Кандидаттың аты-жөні	Мамыр			
	4 дүйсенбі	6 сәрсенбі	12 сейсенбі	14 бейсенбі
Базарбек Елдос Қанатұлы			Ерназар ауылы, Б.Кейкиев атындағы орта мектеп, сағат 10.00	
Сәдір Нұрсейіт Әсетұлы	Ерназар ауылы, Б.Кейкиев атындағы орта мектеп, сағат 10.00			
Суюнбеков Мират Мухтарович				Ерназар ауылы, Б.Кейкиев атындағы орта мектеп, сағат 11.00
Ыбышев Дулат Бақытулы		Ерназар ауылы, Б.Кейкиев атындағы орта мектеп, сағат 11.00		

СООБЩЕНИЕ акимата Жамбылского района

Согласно постановлению Жамбылской районной территориальной избирательной комиссии №8 от 8 апреля 2026 года, график встреч кандидатов на выборах акима Ерназарского сельского округа, назначенных на 17 мая 2026 года, в помещениях, предоставляемых избирателям на договорной основе.

График проведения встреч с избирателями кандидатов на выборы акима Ерназарского сельского округа, назначенных на 17 мая 2026 года (с 27 апреля по 15 мая 2026 года)

ФИО кандидата	Май			
	4 понедельник	6 среда	12 вторник	14 четверг
Базарбек Елдос Қанатұлы			Село Ерназар, средняя школа имени Б.Кейкиева, в 10:00 часов	
Сәдір Нұрсейіт Әсетұлы	Село Ерназар, средняя школа имени Б.Кейкиева, в 10:00 часов			
Суюнбеков Мират Мухтарович				Село Ерназар, средняя школа имени Б.Кейкиева, в 11.00 часов
Ыбышев Дулат Бақытулы		Село Ерназар, средняя школа имени Б.Кейкиева, в 11.00 часов		



Жылы ұжымдағы жарқын кезең

Тіршілік иірімдері адам баласын сан түрлі арнаға жетелейді. Әрбір басқан қадамың, көрген-білгенің жүріп өткен жолыңда жолыққан жандардың өнегесімен өлшеніп, өміріңді мазмұнды да мағыналы ете түседі. Кейде адам өз өміріне сырт көзбен қарап, осы жолға мен қалай келдім деп ойға батады. Сондай сәттерде әрбір кезеңнің өзіндік орны бар екенін түсінесің. Менің де өмір жолымда сондай бір маңызды белес болды. Ол – Жамбыл ауданындағы «Шұғыла-Радуга» газетінде өткізген бір жылым.

Бұл кезеңді мен жай ғана кездейсоқтық деп айта алмаймын. Өйткені Алла Тағала адамға кездейсоқ ешнәрсені істетпейді. Сондықтан да біздің өмірімізде кейбір сәттер болады, олар сенің бағытыңды өзгертіп, ішкі әлеміңді байытып, болашаққа деген көзқарасыңды қалыптастырады. Мен үшін «Шұғыла-Радуга» газетіндегі қызмет дәл сондай кезеңдердің бірі болды. Бәлкім, бұл өмірдің өз заңдылығы, бәлкім, маңдайға жазылған бір белес шығар, қалай десек те, ол мені көп нәрсеге үйретті.

Редакцияға алғаш барған күні әлі күнге дейін көз алдыма анық сақталған. Іштей қобалжу, белгісіздік, аздап қорқыныш та болды. Бұрын сырттай ғана елестеткен редакция өмірі маған біртүрлі суық, қатал көрінетіндей еді. Қатаң тәртіп, сыншыл адамдар, талапшыл орта күтіп тұрғандай сезілді. Бірақ табалдырықтан аттаған сәтте бұл ойларымың барлығы қате екенін түсініп, ойым бір сәтте өзгеріп сала берді. Себебі мені қарсы алған адамдардың жүзінен жылылық байқалды. Әрқайсысы жылы жүзбен, шынайы ықыласпен амандасып, өз ортасына жатсынбай қабылдады. Сол сәтте мен өзімді бөтен адамдай емес, көптен бері осы ұжымның бір



мүшесі секілді сезіндім. Бұл – адамға қанат бітіретін ерекше сезім. Жылы сөз бен ізгі ниет кез келген қорқынышты жеңіп, сенім ұялатады екен.

Алғашқы күндерімде мен тек бақылаушы болдым десем де болады. Әркімнің жұмыс істеу тәсілін, мақаланың қалай жазылатынын, мәтіннің қалай өңделетінін мұқият қадағаладым. Газет шығару сырт көзге оңай көрінгенімен, шын мәнінде үлкен

жауапкершілікті талап ететін күрделі процесс екенін сол кезде түсіндім. Әрбір сөйлем, әрбір сөз – ойдың айнасы, оқырманға жол тартатын хабаршы іспетті.

Уақыт өте келе мені де жұмысқа тарта бастады. Алғашқы тапсырмаларым шағын болса да, мен үшін үлкен сынақ еді. Қағаз бетіне түскен әрбір сөзімді қайта-қайта оқып, дұрыс жеткізе алдым ба деп алаңдайтынмын. Кейде ойымды жүйелей алмай қиналатын сәттер де

болды. Бірақ дәл сондай сәттерде жанымнан табылған ұстаздарым мен әріптестерімнің қолдауы мен үшін үлкен демеу болды.

Олар мені жазуға тек техникалық тұрғыдан ғана емес, рухани тұрғыдан да тәрбиелейді. Сөз жауапкершілік екенін, әрбір жазылған жолдың артында шындық пен әділдік жатуы керектігін ұғындырды. Кейде бір сөйлемді бірнеше рет өзгертіп, ең дәл нұсқасын іздейтінбіз. Сол арқылы мен сөздің күдіретін, оның адам санасына әсер ету күшін тереңірек түсіне бастадым.

«Шұғыла-Радуга» редакциясы – мен үшін бүтін бір отбасы. Мұнда мен тек журналистиканың қыр-сырын үйреніп қана қоймай, өмірлік тәжірибе жинадым. Әріптестерімнің әрқайсысы өз алдына бір-бір тұлға. Олардың әңгімелері, өмірге деген көзқарастары, еңбекке деген адалдығы мені ойландырмай қоймады. Кейде қарапайым әңгімеден үлкен сабақ алатынмын.

Бір жыл ішінде мен өзімнің өзгергенімді анық сезіндім. Алғашқыдағы сенімсіздік бірте-бірте сенімділікке ұласты. Бұрын ойымды жеткізуде қиналсам, уақыт өте келе сөзімді еркін жеткізе бастадым. Әрбір жаңа тапсырма мен үшін жаңа мүмкіндікке айналды. Қателіктерімнен қорықпай, керісінше солар арқылы үйренуге тырыстым.

Уақыт зымырап өте шықты. Бір жыл қалай өткенін байқамай да қалдым. Бірақ сол бір жыл менің өмірімде өшпес із қалдырды. Бұл кезең мені өзгертті, шыңдады, жаңа белестерге жетеледі. Қазір



Нұрперзент ТУҒАНБАЙ,
«Шұғыла-Радуга»
газетінің 2023-2024 жылдар
аралығындағы тілшісі.

сол күндерді еске алсам, жүрегімде жылы сезім пайда болады.

Бұл тәжірибе менің болашақ жолыма бағыт-бағдар берді десем, артық айтпағаным. Өйткені дәл осы жерде мен өзімнің неге қабілетті екенімді, қай бағытта дамығым келетінін түсіндім. Әрбір адам өмірінде осындай бір кезең болады – ол сенің ішкі әлеміңді ашып, өзінді тануға көмектеседі.

Қазір мен өткенге қарап, сол кезең үшін алғыс айтамын. Өйткені ол мені тек маман ретінде емес, тұлға ретінде қалыптастыруға үлкен әсер етті.

Сол кезеңде алған білім-тәжірибе, көрген өнеге мен үшін әрқашан бағалы. Өмір жолында қайда барсам да, сол бір кезеңнен алған сабақтар мені алға жетелейтініне сенімдімін. Өйткені адам өміріндегі ең қымбат нәрсе – ол жинаған тәжірибесі мен жүрегіңде сақталған естеліктері.

Соңы. Басы 1-бетте



«Ол көктем оралмайды...»

1971 жылдың көктемі болатын. 15 жастамын. Алғаш рет аудандық «Шұғыла» газетіне «Көктем» деген екі шумақтан тұратын өлеңімді жолдадым. Ешкімге айтпадым. Жасырдым. Мүмкін менің өлеңімді жаратпаса ше... өз-өзімнен ұялдым.

Не керек, арада апта өткенде, тура айт күні, ауылдағы апамның абысындары үйге жарыса сөйлеп, сүйінші сұрай кірді.

– Апа, Күлімкөздің өлеңі газетке шығыпты, соған қуанып, бәріміз айтауды сіздің үйден бастадық, – деген Қатира жеңешемнің даусын естігенде жүрегім аттай тулап, түпкіркі бөлмеге зып бердім. Ешкімге көрінбеге тырыстым, ұялып жүрмін.

Кешкісін ас үстінде ағам жүзін қатайтып, зілмен:

– Тұрсынқұл, мұның қалай? Бірауыз айтып, неге ақылдаспайсың? Абыройың бар екен, өлеңіңді сынамапты, – дегенде беті-жүзім қандай болғанын қайдам, бүкіл денем өртеніп бара жатқандай күй кештім.

Ертеңгі газет қолыма тиісімен шатырдың үстіне ұрланып шығып алып оқуға кірістім.

Сағынып көркін қараушы ем

қырдың жонына,
Көктем де келді-ау гүлдерін ұстап қолына.
Сұлу саз төгіп, қанатын жая еркелеп,
Аққулар қонды көк айдың көлге шомыла.

Ақ қаздар ұшты керуендерін шұбатып,
Алма ағаш бақта жапырақ жайды
бур атып.

Қуаныш сырын аптыға айтып, енгізіп,
Бұлақтар жатыр өзіндік тілмен үн қатып.

Бары осы екі шумақ. Бұдан әрі «Өлеңді жазбайық біз ермек үшін» деген тақырыппен Тынышбай Рахимов ағамыздың редакцияға түскен өлеңдерге шолуы беріліпті. Шолуды оқып біткенше жүрегім аузымнан шығып кететіндей. Біраз ақынның өлеңдерін жіліктеп, шағып сынға алыпты. Бір жерінде Ал, Т.Спанова өзінің «Досыма» деген өлеңінде алғашқы шумақтың соңғы екі жолын былай деп аяқтайды.

Мұндағы жер гүлдері уысына,
Жаңғыртып ел төріне барып жетер?

Бұдан не түсінуге болады? Жұрт гүлді құшақтаушы еді, бұл «ақынның» досы уыстайды екен. Оның үстіне гүлге аяқ

біткенді көрдіңіздер ме?» Бұдан ары өзімнің аты-жөнім аталар жерге жеткенше тынысым тарылып, көзім бұлдырай бастады. Шолудың соңына қарай «Бізді бір қуантқан балғын талант Т.Ентаева болды. Ол өзінің «Көктем» деген өлеңін былай бастайды:

Сағынып көркін қараушы ем

қырдың жонына,
Көктем де келді-ау гүлдерін ұстап қолына.
Сұлу саз төгіп, қанатын жая еркелеп,
Аққулар қонды көк айдың көлге шомыла.

Табиғаттың ең бір көрікті жағы көктемді Т.Ентаева өзінше жырлағаны шын қуантады. Сөз соңында кейбір сыналған авторларға былай деп адал пікір айтқымыз келеді. Өлеңді ермек үшін жазбайық, қасиетті жыр атаулыны әрқашан қастерлей білейік. Еліктеумен емес, қанатты шабытпен жазайық. Тынышбай Рахимов».

Ағамның маған көрсетіп неге ақылдаспадың деген ашуын сол кезде түсіндім. Содан кейін де өлеңдерімді ағам көрсетпей редакцияға жолдап жүрдім. Неге жасыратынымды білмеймін, мүмкін ұялатын шығармын, әлде оның қатал талабынан ба екен...
Төғызыншы класта оқып жүрген кезім, әдебиет пәнінің мұғалімі Сапа Арапов ағай мені шақырып алып:

– Тұрсынқұл, сен редакцияның қайда екенін білесің бе? – деді. Мен шынында білмейтінмін. Ағай қалай баратынымды, кімге жолығатынымды тәптіштеп түсіндіріп жатыр. «Ертең ерте шығып редакцияға барып, Тынышбай Рахимов деген ақын әрі журналист ағанды тауып алып жолық, ол кісі сені күтеді, шақырып жатыр» деп тапсырма берді.

Ол кезде аудан орталығы Тараз (Жамбыл) қаласында болатын. Сүлейменов көпесінің бойына орналасқан редакция үйін табу қиынға түскен жоқ, өйткені комсомолға етуге аудандық комсомол комитетіне сол жерге барғанбыз. Редакция орналасқан ғимаратқа кіріп, ұзын дәлізбен жүріп келемін. Әр есіктегі тақтайшаға көз саламын. Ашық тұрған бір есіктің тұсынан өтіп бара жатып өзі арық, желке шашы ұзын бір ағаны көрдім, бірақ өзі ақын, өзі журналист Тынышбай Рахимовқа еш ұқсатпа алмадым. Менің қиялымдағы Тынышбай ақын бұндай болуы

мүмкін емес дейді ішкі ойым. Дәліздің аяғына дейін барып кері қайттым. Өлгі ашық есіктен өте бергенімде:

– Кімді іздеп жүрсіз? – деді әлгі арық кісім.

– Тынышбай Рахимовты.

– Сен Тұрсынқұл Ентаевасың ба? Мен ғой, Тынышбай ағаң, келе ғой, – дегенде іркіліп барып ішке ендім.

Менің алғашқы қолдаушым, қанатымнан демеп поэзия әлеміне есік ашқан ұстазым, ардақты ағатайым Тынышбай ақынмен танысуым осылай басталып еді. Үлкен жүректі ақын ағаның ақыл-кеңесі өлеңге деген құштарлығымды арттыра түсті. Бірақ, бұл қуанышым көпке созылмады. Мен мектепті бітірмей жатып ағамнан адасып қалдым. Өлеңімді алып редакцияға барғанымда, ағатайымның жұмысын ауыстырып, кетіп қалғанын естідім. Көңілім құлазып, жаным жүдеді. Өлең өлкесіне еркелеп келіп, ертелеп кетіп қалған мен бейбаққа тағы бір жаны жаз жақсы ағаның жолығарын ол кезде білмеген едім.

1973 жылдың тамыз айы. Әдеттегідей (әдеттегідей дейтінім, жылда неврология бөліміне жатып ем қабылдайтынмын, он жасымда жабысқан бас ауруы дертіне 1975 жылға дейін шипа болмады) неврология бөлімінде ем қабылдап жатқанмын. Ауылдан апам келді. Ақ жүзі айдай алтын анам, есімі де Алтын еді. Апамды аялдамаға шығарып салып, ауруханаға келсем, есік алдында бес-алты адам топталып қалыпты. Ортада бір кісі менің дәптерімнен өлең оқып тұр. Қатты састым. Үнсіз ғана бөлмеме кіріп кеттім. Әлден уақытта өлеңімді оқып тұрған аға есікті қағып тұр.

– Қарағым, кешір! Сенің өлеңіңді рұқсатсыз алып оқығанымға ренжіме. Мен Мейірхан Қуанышбаев деген ағаң боламын. Мен де жазушымын. Бөлмелес апаларың қасымызға жаңа келген қыз үнемі бірдеме жазып жатады. Сұрасақ айтпайды. Біртүрлі жұмбақ қыз деген соң қызығушылығымыз оянып, дәптеріңді рұқсатсыз алып оқыдық. Оқыдық та қуандық. Жақсы жазады екенсің, өлеңдеріңді берші газетке жіберейін деді. Көп ұзамай өлеңдерім Жамбыл облыстық

«Еңбек туы» (қазіргі «Ақ жол») газетіне шыға бастады. Мейірхан ағам аталмыш газет редакторының орынбасары екен. Сол күндерде ағам түннің қай кезінде оянсам да асханада бірден жазып отыратын. Бірде ашық тұрған асхана есігінің тұсынан өтіп бара жатып ағаның іні түсіп, қамығып отырғанын байқалдым. Ертеңіне сұрасам, кітаптағы бас кейіпкерімнің басынан кешкен тағдыры жүрегімді ауыртты ғой дейді жарықтық. Бұл «Жағыз жиде» повесінің жазылып жатқан кезі еді.

Мейірхан ағам менен үлкен үміт күтті. Апамның келгенін күтіп жүріп жолығып, Алла қызыңызға керемет дарын берген екен, қазір кішкентай ғана ұшқын, өшіріп алмайық, аялайық, болашағынан үлкен үміт күтіп отырмын. Еркін ойлап, еркін жазсын. Жолың бөгеміздер, өлеңді тастамасын. Бір жыл жазбай кетсе бұл ұшқынның жалыны басылып қалады, қасиетін жоғалтады ма деп қорқамын. Қыздың жолы жіңішке деп түсінбестік жасамаңыздар. Болайын деп тұрған бала. Қанаты қайырылған құстай еркін самғай алмай қалмасын, деген еді.

Қайран менің қамқор ағаларым! Үміттеріңді қатты алмадым. Қазір тек сағынып еске аламын. Өздерің тастап кеткен ақ-қарасы аралас пәни жалғаннан тек тазалық іздеген сол қыз әлі де есейе алмады.

Шеше алмастан өмір атты жұмбақты,
Жалын атқан жанарымды мұң қапты.
Тар жол тайпақ кешуінде тағдырдың,
Сезе алдым ба, сезбедім бе шын бақты.

Тіршілік-ай буырқанған, қайнаған,
Жалған сезім, жалған күлкі айналам.
Бұлттарың сен қалтарысқа толы өмір,
Қайда сенің тура жолың сайраған, – деп өмірдің бұралаң жол, соқпақтарында уақыт деген арғымақтың жалына жармасып, намысымды таптаптай нардың жүгін көтерем деп жүріп мен де көшімді доғарар шаққа кеп қалғандаймын. Көз алдыма көлбеген көп елестің ішінде екі ағасына еркелей басып,

Шыт көйлегі желбіреп,
Шырайына нұр сіңген.
Бота көзі мөлдиреп,
Бір қыз түрді күрсінген...
Ол көктем енді оралмайды...

Өңір ажарын ашқан жоба



Қоғамның ауылға деген көзқарасын жаңғыртып, елді мекендердегі нысандарды шаһарлық деңгеймен теңестіруді көздеген «Ауыл – ел бесігі» жобасы аясында 2019-2025 жылдары ауданымызда қандай шаралар қолға алынды? Алты жыл бедеріндегі бағдарламаның нәтижесі қай деңгейде көрініс тапты? Осы ретте аудан көлемінде атқарылған ауқымды істерді сарапқа салып, байыппен зерделеген едік. Айталық, ауданда «Ауыл – ел бесігі» жобасы аясында қомақты қаржы қарастырылып, 9,8 млрд теңгеге 137 жоба жүзеге асырылды. Нәтижесінде, тозығы жетіп, әбден ескірген нысандар жаңғыртылып, жаңа сипатта қайтадан халық игілігіне қызмет етуге көшті. Әлеуметтік инфрақұрылым жүйелі түрде жаңарып, заманауи талаптарға сай амбулаториялар, мәдениет үйлері мен спорт кешендері ел игілігіне берілді. Атқарылған әрбір іс пен жүзеге асқан жобаның ауқымы өз алдына бір төбе.

Мақсат ЖҰМАБАЕВ

Нақтылай тарқатар болсақ, білім беру саласында 9 жоба жүзеге асырылды. 2019 жылы Аса ауылындағы ескі кинотеатр жаңғыртылып, бүгінде заманауи «Өнер мектебіне» айналды. Сондай-ақ Бауыржан Момышұлы көшесінде қаңырап бос тұрған ескі ғимарат та қайта жаңғырып, бүгінде техникалық шығармашылық және кәсіптік білім беру мекемесі ретінде ел игілігіне қызмет етуде.

Бұдан бөлек, Айшабибі, Амангелді, Макаренко, Жасөркен атындағы орта мектептер күрделі жөндеуден өтіп, заман талабына сай жаңартылды. Ал Бауыржан Момышұлы атындағы мектеп-гимназиясы мен «Сәуле» балабақшасында ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізіліп, олардың материалдық-техникалық базасы нығайтылды.

Қазіргі таңда Тоғызтарау ауылындағы Төлеген Тоқтаров атындағы орта мектепке жапсарлас қосымша ғимараттың құрылысы жүргізілуде. Өткен жылы Шайдана ауылында 150 орындық заманауи талапқа сай салынған еңселі мектеп пайдалануға берілді. Келешек ұрпаққа сапалы білім беру ісін ілгерілетуді көздеген игілікті істің жалғасы деуге негіз бар.

Жоба аясында ең көп спорт нысаны ауданда ашылғанын айта кеткен жөн. Жалпы, аталмыш салада 9 жоба жүзеге асырылды. 2019 жылы аудан орталығындағы орталық стадион ағымдағы жөндеуден өтіп, ел игілігіне қызмет

етуін жалғастырды. 2020 жылы Аса ауылында спорт кешені бой көтеріп, қалың бұқараның пайдасына берілді. Артынша Айшабибі, Гродеково, Бесағаш, Қаракөмер, Өрнек ауылдарында баршаға қолайлы, заманауи талапқа сай кешендер бірінен соң бірі ашыла бастады. Атқарылған жұмыстар ауыл жастарының саулығын нығайтуға бағытталған игі істердің айқын көрінісі десек, артық айтқандық емес. Ал Тастөбе ауылында спорт нысанының құрылысы қызу қарқынмен жүргізілуде. Кешен жыл соңына дейін пайдалануға берілсе, ауыл ажарын айшықтай түсетін сауапты іс болмақ.

Өткен жылы Бесағаш ауылында 150 орындық мәдениет үйінің құрылысы бастау алып, игілікті істің іргетасы қаланды. Құрылыс жұмыстары межелі мерзімде, яғни жыл соңына дейін тәмамдалған жағдайда, бұл нысан өңірдің өрелі ордасына айналмақ. Жаңа мәдениет ошағында іші кең акт залы жасақталып, түрлі

үйірмелер бойынша жастарды қабылдау көзделуде. Дәл осындай мәдениет саласында да ілкімді істер ілгерілеп, барлығы 5 жоба жүзеге асырылды. Соңғы бес жыл бедерінде Қаракөмер ауылында 90 орындық, ал Өрнек ауылында 140 орындық клуб бой көтеріп, ел игілігіне берілді. Сонымен қатар Ақбұлым мен Қызылқайнар ауылдарында бағдарлама аясында 180 орындық зәулім мәдениет ошақтарының лентасы қиылып, пайдалануға берілді. Бүгінде бұл жаңа нысандар ауыл жұртшылығының басын қосатын, өнер мен өнегенің, салт-дәстүр мен тағылымның алтын дінгегіне айналып отыр. Мұнда түрлі мәдени іс-шаралар, өнер үйірмелері мен тағылымды басқосулар ұйымдастырылып, ауыл өмірінің ажары айшықтала түсті.



Ауданда денсаулық сақтау саласы да назардан тыс қалмай кезең-кезеңімен жаңғыртылып, жүйелі іргерілеу үстінде. Осы ретте 3 жоба жүзеге асырылып, ел игілігіне қызмет ететін нысандардың саны

артты. 2022 жылы Қаракөмер ауылында тәулігіне 25 келушіні қабылдауға қауқарлы жаңа дәрігерлік амбулатория ашылды. Сонымен қатар Айшабибі мен Қызылқайнар ауылдарындағы амбулатория ғимараттары күрделі жөндеуден өткізіліп, заманауи сипатқа ие болды. Тозығы жеткен нысандардың қайта түлеп, халықтың кәдесіне жарады. Жалпы, жүзеге асқан шаралар нәтижесінде ауыл тұрғындарына көрсетілетін медициналық қызметтің сапасы

артып, қолжетімділігі кеңейді.

2019 жылы Аса ауылында ауызсу құбырына ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізіліп, елді мекеннің түйткілдері мәселелері өз шешімін тапты. Ал 2024 жылы теміржол станциялары аумағында орналасқан Аса және Жұма-Шайқорық ауылдарындағы тұрғын үйлер аудандық электр желілеріне қайта қосылып, жарықпен тұрақты түрде қамтылды. Сонымен қатар Аса ауылындағы жаңадан бой көтерген тұрғын үй алқабындағы 10 көше толықтай жарықтандырылып, түнгі ауыл келбеті жаңарды. Жол инфрақұрылымын жақсарту да басты назарда тұр. Осы бағытта барлығы 101 жоба жүзеге асырылып, 19 елді мекеннің ауылышылдық көшелері жаңғыртылып, тақтайдай тегістелді. Тозығы жеткен жолдар жаңарып, ел қатынасы мен қатынас қолайлылығы едәуір артты.

«Ауыл – ел бесігі» бағдарламасы ауылды түлеткен, елді өркендеткен, болашаққа бағыт түзеген берекелі бастама ретінде өз жемісін беріп келеді.

ҚҰНДЫЛЫҚ

ДІН МЕН ДӘСТҮР САБАҚТАСТЫҒЫ

Дәстүр – тарихи қалыптасқан қоғам үшін пайдалы, ұрпақтан ұрпаққа аманат ретінде беріліп және белгілі уақыт аралығында сақталып отыратын адамзат тәжірибесінің жалғастығы мен жиынтығы, мәдени мұрасы: әдет-ғұрыптар, ырымдар, жүріс-тұрыс қалыптары мен тәртіптері, үрдістер, жөн-жоралғылар, мейрамдар, рәсімдер.

Ислам діні – адамзат тарихы мен өркениетіне айрықша үлес қосқан ең ұлық дін. Оның туы желбіреген жерлерде әрдайым білім мен ғылым дамып, адамзат адамгершілік пен парасаттың шыңына көтерілген. Ислам құндылықтары мен қазақ салт-дәстүрі арасында әдемі сабақтастық пен үндестік бар және екеуінің де алатын орны қазіргі уақытта үлкен маңызға ие. Олай болатыны ата-бабамыздың салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарының қайнар көзі – Ислам. Әсіресе, Пайғамбар Мұхаммедтің (с.а.с.) сүннеті мен хадистері әдет-ғұрып ретінде қалыптасып, халқымыздың мәдениеті төрінен орын алды.

Десек те, байырғыдан келе жатқан салт-дәстүрлеріміз бәрі бірдей ислам шариғатымен ұштасты деу артық айтқандық болар. Олардың ішінде тәңірлік сенім-нанымнан жетіп, осы уақытқа дейін өз қасиетін жоғалтпағандары да баршылық. Оларды исламмен үндестіру әлі күнге қиын мәселенің бірі болып келеді. Неге десеңіз, бұлар – байырғы діни көзқарастардан туындаған әдет-ғұрыптар, ислам шеңберіне сыймайтыны тағы бар. Бірақ бұл шағын мақалада ислам шариғаты мен қазақ салт-дәстүрлерінің қарама-қайшылықтарын емес, олардағы үндестікті сабақтастыруға әбден болады. Ата-бабамыздан мұра болып жеткен бұл дәстүрлер мен ғұрыптардың көбі ислами қайнардан алынғанын айтып кету де артық болмас.

Қазақстанға ислам діні VII ғасырдың басында арабтардың Орта Азияны бағындыруы нәтижесінде кіре бастады. Халқымыз ислам дінін қабылдағаннан кейін ондағы адамның жаратылысына тән



құндылықтар салт-дәстүріміз, әдет-ғұрыптарымыз бен наным-сенімдеріміздің негізіне айнала бастады. Десек те, сол уақыттағы ата-бабаларымыздың салт-дәстүрлерінің кейбіреулері әлі күнге дейін сақталған. Мәселен, қазақ қоғамының тұрмыс-тіршілігінде құдалықтың ежелгі дәстүрлері – бесік құда, қалың төлеу, өменгерлік сияқты әдет-ғұрыптар сақталып келді. Отбасы мен туыстық қатынастар саласындағы исламдық және оған дейінгі дәстүрлер дінге нанушылардың күнделікті тұрмысының бір бөлігін құрайтын еді.

Бұл әдет-ғұрыптар мен сенімдердің негізгі қайнар көзі Құран аяттарынан бастау алып жатса, олардың көбі исламның екінші негізі болып саналатын

хадистер мен сүннеттерден тұрады. Алла Тағала Құранда: «Ғафу жолын ұста, ғұрыппен өмір ет және надандардан теріс айнал» деп бұйырған. (Ағраф сүресі, 199-аят). Алланың Елшісіне (с.а.с.) пайғамбарлық түскен кезде арабтардың арасында да алуан түрлі әдет-ғұрыптар, дағдылар бар болатын. Шариғатта халыққа үйреншікті болған жақсы дағдылар мен әдет-ғұрыптарды дәлел ретінде келтіруді барлық мазаһабтың имамдары қолдайды.

Сондай-ақ біздің дәстүрімізде көрші ақысына баса назар аударылғаны да белгілі. Ал оның шығу тарихын зерттегенімізде Алла Тағала Құран Кәрімнің «ән-Ниса» сүресінің 36-аятында: «Аллаға құлшылық қылыңдар. Оған ешқандай да серік қоспаңдар.

Ата-аналарың мен жақындарыңа, жетімдер мен мекіндерге, туысқан көршілерге, туыс емес көршілерге жақсылық жасаңдар» делінген. Ал халқымыз арасында көп тараған хадистердің бірінде Алланың Елшісіне (с.а.с.) былай дейді: «Жанындағы көршісі аш бола тұра, өзі тоқ адамды маған иман келтірді деп есептеуге болмайды» (Әл-Барраз).

Дәстүрлердің жалпыға ортақ ең маңызды қызметі – адамдар арасындағы өркендеп және өзгеріп отыратын тұрақтылықты ретке келтіріп отыру. Тұрақтылық болмаса, даму да болмайды. Демек, дәстүрсіз қоғамдық қатынастардың қалыптасуы, дамуы, өзгеруі мүмкін емес. Қоғамдық қатынастар тарихи дамудың әрбір жаңа сатысында сақталып қана қоймай, өзгеріп,

жаңара береді. Сөйтіп, дәстүрлер арқылы қайта жаңғыру жүзеге асады, ескі қатынас түрлерінен қазіргі және болашақтағы қатынас түрлері келіп шығады. Алланың Елшісіне (с.а.с.) отбасына және сақбаларына деген сүйіспеншілігімізге қарай олардың есімдерін ұрпағымызға береміз. Той-томалақты сәттер мен мерекелерде туған-туыс, дос-жарандардың бір-бірімен қоян-қолтық араласу негіздері дініміздің үгіт-насихаттарынан сусындағанының көрінісі болып табылады. Мысалы, исламда «силай рахим», яғни туған-туыстарынан алыста болғандардың, белгілі уақыттарда кіндік қаны тамған жеріне туған-туыстарына барып араласуды Алланың Елшісіне (с.а.с.) өсиет еткен. Алланың Елшісіне (с.а.с.) бір хадисінде: «Туған-туыстарың мен достарыңа қонаққа барыңдар, Алла өмірлеріңді ұзартып, ризықтарыңды арттырады», – деген.

Сонымен қатар ата-бабаларымыздың заманында, бүгінде қазақ халқының дәстүрлі діні ретінде ҚР «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Заңында ханафи бағытындағы ислам деп көрсетілген. Бұл діннің қазақ мәдениетінің дамуы мен рухани өміріндегі тарихи рөлі мойындалатындығы осы заңда атап өтілген. Қазақ жерінде дәстүрлі діннің бағыттары қашанда салт-дәстүрмен ұштастып, сабақтасып келген. Дана халқымыз әрқашанда дәстүрлі дініміздің қағидаларын күнделікті өмірлерінде пайдалана білген. Мүмкін, осыдан болар, дана халқымыз «Дінді ұстай алсаң – қасиетің, ұстай алмасаң – қасіретің» деп нақты айтып кеткен.

Дін қайраткері Ержан қажы Малғажұлының осы салада жазған «Дін мен дәстүр» кітабы ұлт болашағына арналған кітап деп білемін. Сондықтан да бұл кітап әрбір қазақ отбасының төрінде тұрып, мұны оқыған әрбір адам дін мен дәстүрдің біте қайнаскан бөлінбес дүние екенін біледі. Сонда ғана дініміз бен дәстүрімізді дәріптеуге арналған игі бастама жалғасын табады деп сенемін.

Дәурен ҚҰТТЫБАЕВ,
аудандық «Бәйдібек»
мешітінің бас имамы.

СУДЬЯ СӨЗ АЛАДЫ



БІР ӘРЕКЕТ – ЕКІ БАП: ЗАҢ ҚАЛАЙ ШЕШІМ ҚАБЫЛДАЙДЫ?

Қоғамда жиі кездесетін құқық бұзушылықтардың бірі – адамның денесіне күш қолдану. Мұндай жағдайда жасалған әрекетті қалай дұрыс саралау керек деген маңызды мәселе туындайды.

ҚР Қылмыстық кодексіндегі 108 және 109-баптар бойынша істерде бұл сұрақ ерекше өзекті. Аталған баптар бір қарағанда ұқсас болып көрінеді. Екеуі де күш қолданумен байланысты. Алайда олардың құқықтық табиғаты мен жауапкершілік деңгейі әртүрлі. 108-бапта адамның денсаулығына қасақана жеңіл зиян келтіру қарастырылған. Бұл жағдайда жәбірленушінің денесінде нақты зиян болмайды. Мұндай әрекеттер медициналық сараптама арқылы дәлелденеді және кінәлі тұлғаға неғұрлым қатаң жаза тағайындалады. Ал 109-бапта ұрыс-соғу немесе өзге де күш қолдану әрекеттері үшін жауапкершілік көзделген. Бірақ мұнда басты айырмашылық – денсаулыққа

нақты зиянның болмауы. Яғни жәбірленуші ауырсынуды сезінгенімен, медициналық тұрғыдан зиян анықталмайды.

Заң талаптарына сәйкес, егер әрекет нәтижесінде денсаулыққа нақты зиян келтірілсе, іс 108-бап бойынша сараланады. Ал 109-бап тек зиян анықталмаған жағдайда ғана қолданылады. Бұл баптар бір-біріне жақын болғанымен, олардың арасындағы негізгі айырмашылық – денсаулыққа келтірілген зиянның болу-болмауында. Осы айырмашылықты дұрыс анықтау – заң үстемдігін қамтамасыз етудің маңызды шарты.

Динара ҚЫДЫРАЛИЕВА,
Жамбыл аудандық сотының судьясы.

Жамбыл аудандық «Шұғыла-Радуга» газетінің ұжымы басылымның іс жүргізушісі Роза Ашимоваға әлқесі Назымкүл Кенжебайқызының және інісі Ермек Серікұлының қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып көңіл айтады.

ЦИФРЛЫҚ ҚАЗАҚСТАН

Ақбастау ауылдық округінде мемлекеттік қызметтерді көрсету үдерісін жетілдіру бағытында жүйелі жұмыстар атқарылуда. Соның бірі – электронды қызмет көрсету тетіктерін енгізу. Бүгінде округ аумағында «электрондық үкімет» порталы – eGov.kz порталы арқылы мемлекеттік қызметтерді автоматтандырылған форматта алу мүмкіндігі кеңінен пайдаланылуда.

ХАЛЫҚҚА ҚОЛЖЕТІМДІ МҮМКІНДІК

Электронды қызметтердің басты артықшылығы – олардың қолжетімділігі мен ыңғайлылығы. Азаматтар қажетті қызметті алу үшін бұрынғыдай уақыт жоғалтпай, үйден немесе жұмыс орнынан онлайн түрде өтініш бере алады. Бұл өз кезегінде қызмет алу рәсімдерін жеңілдетіп, уақыт шығындарын айтарлықтай қысқартады. Сонымен қатар, қызметтер туралы толық ақпаратқа қол жеткізу мүмкіндігі де кеңейген.

Мемлекеттік қызмет көрсету сапасын арттыру және электронды форматтағы қызметтердің үлесін ұлғайту мақсатында округ әкімдігі бірқатар шараларды жүзеге асыруда. Атап айтқанда, Азаматтарға арналған үкімет мемлекеттік корпорациясы арқылы қызмет көрсету тиімділігі артып, халыққа қызмет көрсету орталықтарының (ХҚКО) жұмысы жандана түскен.

Округ әкімдігі аудандық деңгейдегі ақпараттық технологиялар және мемлекеттік қызметтер мониторингі бөлімімен бірлесіп, тұрғындар арасында түсіндіру



жұмыстарын тұрақты жүргізуде. Әсіресе, мектептер мен балабақша ұжымдары, сондай-ақ мүмкіндігі шектеулі азаматтар арасында мемлекеттік қызметтер жәрменкелері ұйымдастырылып келеді. Бұл шаралардың басты мақсаты – халықтың цифрлық сауаттылығын арттыру және электронды қызметтерді қолдану аясын кеңейту.

Мұндай жәрменкелер барысында тұрғындарға мемлекеттік қызметтердің түрлері мен оларды алу жолдары жан-жақты

түсіндіріліп, нақты мәселелер бойынша кеңестер беріледі. Сонымен қатар, азаматтардың сұрақтарына жауап беріліп, ұсыныс-пікірлері ескеріледі.

Бүгінде мемлекеттік қызметтер үш түрлі тәсіл арқылы көрсетіледі:

- тікелей қызмет көрсетуші мемлекеттік органдар арқылы;
- мемлекеттік корпорация (ХҚКО) арқылы;
- «электрондық үкімет» веб-порталы және мобильді құрылғылар арқылы.

«Цифрлық Қазақстан» бағдарламасы аясында электронды қызмет көрсету жүйесі қарқынды дамып келеді. Бұл – халыққа сапалы, ашық әрі жедел қызмет көрсетудің маңызды тетігі.

Жалпы, мемлекеттік қызмет көрсету – азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін іске асыруға бағытталған маңызды мемлекеттік функциялардың бірі. Сондықтан бұл бағыттағы жұмыстар алдағы уақытта да өз жалғасын таба бермек.

Көркем ҚАРАБЕКОВА,
Ақбастау ауылдық округі әкімі аппаратының бас маман-әскери есеп жүргізушісі.

БІР ЕЛ – БІР КІТАП



Дәуірдің қидарын Бедерлеген қаламгер мұрасы

Кітап – ақылдың кені, рухтың шамшырағы десек те артықтық етпес. Ол – уақыттың үнсіз күегері. Параққа түскен әр сөзді оқыған жанның танымы кеңейіп, көкірек көзі ашылып, ой-өрісі кемелденеді. Кітап – өткен мен бүгінді жалғап, ұрпақ пен ұлтты сабақтастыратын рухани көпір. Сондықтан оның құндылығы уақыт өткен сайын арта бермек. Осы сөз зергерлері мен қалам иелерінің бұрыннан жеткен мұрасы жұрт жадын жаңғыртып, тарихи санасын түлететін, елдік болмысты айшықтайтын баға жетпес қазына. Сол рухани құндылықты дәріптеу мақсатында «Бір ел – бір кітап» республикалық акциясы аясында аудандық орталық кітапхананың ұйытқы болуымен Ю.Гагарин атындағы мектеп-лицейінде қазақ әдебиетінің көрнекті өкілі, халық жазушысы Қабдеш Жұмаділовтің «Тағдыр» тарихи романына арналған «Тарихты тірілткен қаламгер» атты «дөңгелек үстел» отырысы өтті. Шараға кітапхананың ардагер оқырманы Көпжасар Мырзахметов пен мектеп-лицейдің тарих пәні мұғалімі Кенжекүл Рахметова қатысып, өз ойларымен бөлісті.

Аружан КҮНТУБАЙ

Жыл кітабы ретінде таңдалған «Тағдыр» романы арқылы ел бірлігі мен ұлт мүддесін насихаттау, қос империяның қыспағында қалған қазақ халқының тарихи болмысын таныту, қаламгердің өмірі мен шығармашылық мұрасын жас ұрпаққа тереңірек ұғындыру көзделді. Сонымен қатар оқырманның тарихи таным көкжиегін кеңейтіп, көркем туындының идеялық-көркемдік құндылығын талдау арқылы ұлттық әдеби мұраға деген қызығушылықты арттыру, өскелең ұрпақтың рухани-адамгершілік бағдарын қалыптастырып, отансүйгіштік сезімін нығайту мақсат етілді.

Шара барысында роман өзегіне айналған күрделі тарихи кезеңдерге жаңаша көзқарас қалыптастыру, ұлттың біртұтас рухани болмысын дәріптеу, әдебиет пен тарих сабақтастығын айқындау бағытындағы ойлар кенінен қозғалды.

Романда екі ұлы империяның арасында тағдыр талқысына түскен қазақ халқының қилы кезеңі, елдік пен жерлік мүдденің арпалысы, азаттыққа деген аңсар терең бейнеленгені айтылды. Қабдеш Жұмаділовтің халық тағдырын көркем тілмен кестелеп, өткен күннің өкініші мен үмітін шебер жеткізген қаламгер екені ерекше атап өтілді.

Жиын барысында шығарманың басты кейіпкері Демежан бейнесі елдік мұрат жолында күрескен қайсар тұлға ретінде жан-жақты талданды. Қатысушылар роман желісін саралап, тарихи шындық пен көркемдік шеберліктің үйлесіміне назар аударды. Әсіресе Қытай жеріндегі қазақтардың ауыр тұрмысы, көшпелі жұрттың тағдыры, елден жырақтағы қандастардың мұң-зары туралы тағылымды пікірлер айтылды.

Іс-шараны аудандық орталық кітапхананың қызмет көрсету бөлімінің кітапханашысы Құралай Асхатаева ашып, «Қабдеш Жұмаділов – халық тағдырын сөзбен кестелеген

қаламгер» тақырыбында мазмұнды баяндама жасады. Сондай-ақ «Өрен қаламгерлердің жауһар туындылары» бөлімінде «Бір ел – бір кітап» акциясының 2007 жылдан бері жалғасып келе жатқан игі дәстүр екені, биылғы таңдаудың «Тағдыр» романына түскені айтылды. «Тарихтан тағылым тартқан» бөлімінде шығарманың идеясы мен құрылымы кеңінен талқыланып, қатысушылар тарапынан қойылған сұрақтарға тұщымды жауаптар берілді.

Жастар да белсенділік танытып, роман мазмұнына талдау жасап, қазақ халқы бастан өткерген күрделі кезеңдерге қатысты өз пікірлерін ортаға салды. Көркем шығарма мен тарихи шындықтың сабақтастығын саралап, жазушы шеберлігіне жоғары баға берді.

Іс-шара аясында «Халық тағдырын жырлаған жазушы» атты кітап көрмесі ұйымдастырылып, библиографиялық шолу жасалды. Сонымен қатар «Қазақ рухының қаламгері» атты слайд таныстырылымы көпшілік назарына ұсынылды.



ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ



Қазіргі таңда адамзат өркениеті жаңа тарихи кезеңнің табалдырығын аттап отыр. Бұл – цифрлы технологиялар мен жасанды интеллект қарқынды дамыған дәуір. Ақпарат ағыны шексіз, ал білімге қолжетімділік бұрын-соңды болмаған деңгейге жетті. Осындай ауқымды өзгерістер білім беру жүйесіне де жаңа талаптар қойып, оның мазмұны мен әдіс-тәсілдерін түбегейлі жаңартуды қажет етуде.

Жасанды интеллект – қоғам дамуының негізгі қозғаушы күштерінің бірі. Бүгінде ол медицинада диагноз қоюдан бастап, өндірістігі автоматтандыруға дейін, тіпті күнделікті өміріміздің ажырамас бөлігіне айналды. Ал білім беру саласында жасанды интеллект оқыту үдерісін жекелендіруге, оқушының қабілетін терең тануға және білім сапасын арттыруға мүмкіндік беретін қуатты ресурс ретінде қалыптасып отыр.

ЦИФРЛЫҚ ЗАМАН ҮНІ

Цифрлы дәуірдегі білім беру жүйесінің басты мақсаты – тек ақпарат берумен шектеліп қана қоймай, оқушыны өмір бойы білім алуға бейімдеу, сыни ойлау қабілетін дамыту және ақпаратты сараптай білуге үйрету. Осы тұрғыда жасанды интеллект технологиялары оқушылардың оқу үлгерімін талдап, олардың әлсіз және күшті тұстарын анықтауға, соның негізінде жеке оқу траекториясын қалыптастыруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, виртуалды көмекшілер мен интеллектуалды платформалар мұғалімдердің жүктемесін жеңілдетіп, шығармашылықпен жұмыс істеуіне жол ашады. Бүгінде ауыл мектептері кезең-кезеңімен заманауи құрал-жабдықтармен қамтамасыз етіліп,

цифрлық білім беру ресурстары кеңінен енгізілуде. Әсіресе, робототехника, бағдарламалау және STEM бағытындағы үйірмелердің ашылуы оқушылардың техникалық шығармашылыққа деген қызығушылығын арттырып отыр. Мұндай алаңдарда білім алушылар тек теориямен шектелмей, нақты жобалар жасап, өз идеяларын жүзеге асыруға мүмкіндік алуға.

Сонымен қатар, ауданда білім ошақтарында жасанды интеллект элементтері оқу үдерісіне белсенді енгізілуде. Мұғалімдер заманауи цифрлық платформаларды пайдалана отырып, интерактивті тапсырмалар әзірлеп, оқушылардың білім деңгейін саралау арқылы әрқайсысына жеке бағытталған

оқыту әдістерін қолдануда. Нәтижесінде білім беру үдерісі жанданып, оқушылардың пәнге деген қызығушылығы арта түсуде. Дегенмен, цифрлы технологиялардың қарқынды дамуы белгілі бір қауіптерді де жоққа шығармайды. Жасанды интеллектке шамадан тыс тәуелділік оқушының дербес ойлау қабілетінің төмендеуіне әкелуі мүмкін. Сондықтан білім беру үдерісінде технология мен адам арасындағы тепе-теңдікті сақтау аса маңызды. Бұл ретте мұғалімнің рөлі айрықша. Ұстаз – білім берумен қатар, ол – бағыттаушы, тұлға қалыптастырушы негізгі күш. Жасанды интеллект ешқашан ұстаздың орнын толық алмастыра алмайды.

Бүгінде педагогтардың кәсіби дамуына да ерекше көңіл бөлінгені бәрімізге белгілі. Жасанды интеллектті білім беру жүйесіне тиімді енгізу мақсатында түрлі семинарлар, тренингтер мен біліктілік арттыру курстары ұйымдастырылуда. Бұл шаралар ұстаздардың цифрлық сауаттылығын арттырып қана қоймай, жаңа технологияларды тиімді пайдалануға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, оқушылар арасында цифрлық сауаттылықты арттыру – басты міндеттердің бірі. Себебі цифрлы әлемде дұрыс бағыт табу, ақпараттың шынайылығын ажырату, киберқауіпсіздік талаптарын сақтау – әрбір жас

үшін маңызды дағды. Осы бағытта мектептерде түрлі жобалар, тәжірибелік жұмыстар мен танымдық іс-шаралар жүйелі түрде өткізілуде.

Қорыта айтқанда, жасанды интеллект – бүгінгі заманның басты бағыты ғана емес, болашақтың да кілті. Ауданда қолға алынған цифрлық жаңалықтар білім беру сапасының өсіп келе жатқанын көрсетіп отыр. Бұл жұмыстар алдағы уақытта да жалғасын тауып, білімді, заманауи ойлайтын, бәсекеге қабілетті жастарды тәрбиелеуге өз үлесін қоса беретіні анық.

Эльмира ТҮРКМЕНОВА,
аудандық білім бөлімі әдіскері.

СЕМИНАР-ПРАКТИКУМ

Жуырда Ащыбұлақ ауылындағы «Жауқазын» бөбекжай-бақшасында «Мектепке дейінгі ұйымдарда тәрбиеленушілердің еңбекке қызығушылығын қалыптастырудағы кәсіби бағдардың рөлі» тақырыбында семинар-практикум өтті.

Ұрпақ тәрбиесі сынды ұлағатты істің өзекті түйткілдерін арқау еткен жиынға ауданға қарасты мектепке дейінгі ұйымдардың меңгерушілері, әдіскерлері мен тәрбиешілері қатысып, тәлім-тәрбие үдерісіндегі тағылымды бағыттар мен тиімді әдіс-амалдары тәжірибесінде ой бөлісті.

Семинар шымылдығы аудандық білім бөлімінің



ІСКЕРЛІК БАЙЛАНЫС КӨКЖИЕГІ



әдіскері Жадыра Абылаеваның құттықтау сөзімен түріліп, басқосудың мақсат-мұраты айқындалды. Бұдан

әрі мектепке дейінгі жастағы балғындардың еңбекке деген ықыласын оятуда кәсіби бағдар берудің маңызы кеңінен тарқатылып айтылды.

Іс-шара барысында педагогтар

теориялық бөлімде еңбекке баулудың ұтымды жолдарын зерделеп, мазмұнды баяндамалар ұсынды. Артынша тәжірибелік бөлімге ұласқан басқосуда тәрбиешілер бүлдіршіндермен

жүргізілетін еңбек әрекеттерінің үлгілерін көрсетіп, ойын арқылы еңбекке баулудың тәсілдерін іс жүзінде көрсетті.

Шара барысында балғындардың жас ерекшеліктеріне сай еңбек дағдыларын қалыптастырудың өнегелі үлгілері көрініс тапты. Іс-шара барысында балалардың еңбекке деген ынта-ықыласын арттыру, жауапкершілікке баулу және қарапайым еңбек әрекеттерін меңгерту бағытындағы жүйелі жұмыстары жөнінде бейнекөрсетілім көрсетілді.

Қатысушылар топқа бөлініп, өзара тәжірибе алмасып, кәсіби бағдар берудің пәрменді тетіктері жөнінде келелі пікір өрбітті. Әріптестер арасында іскерлік байланыс нығайтып, тың ұсыныстар ортаға салынды.

Семинар қорытындысында қатысушылар мұндай тағылымды басқосулардың педагогтардың кәсіби шеберлігін шыңдаудағы маңызы зор екеніне ерекше тоқталды.

Арайлым САУРБАЕВА,
«Жауқазын» бөбекжай-бақшасының меңгерушісі.

ҰЛТТЫҚ ДӘСТҮР

Саятты істің сырын білген Аида

Сарыарқаның сайын даласы – сан ғасыр бойы сыр шертіп, бабалардың аманатын арқалаған, қазақ рухының алтын діңгегі іспетті. Осында дамыған жылқы мәдениеті ұрпақтан ұрпаққа жеткен рухани қазынаға айналып, елдің айбыны мен бекзат бітімін айшықтайтын киелі өнерге еніп отыр. Ат тұяғының дүбірі үзілмеген ұлтайғайыр кеңістікте ұлттың болмысы қалыптасып, бабадан қалған асыл мұра бүгінгі күнге аман жетіп, бойымыздағы ұлттық қасиеттің тірегіне айналып келеді. Сол қадірлі қазынаны бүгінгі күнге аман жеткізіп, жаңаша сипатта түлетіп жүрген жандардың бірі – Айша-Бибі ауылының атбегі аруы Аида Ізбасар. Ол қыз баланы да ер үстіне қондырып, ұлттық ат спортына тың серпін беріп, ел назарын өзіне аударып отыр. Осы бір саятты істің сыр-сипатын бағамдап, атбегіліктің мән-маңызын тереңірек тану үшін кейіпкерімізбен жүздесіп, әңгіме тиегін ағытқан әдік.

Аружан КҮНТУБАЙ



Бүгінгі таңда Аида Ізбасар тек ат баптап, ауылдың бойжеткендерін бір арнаға жинап, бұрын тек ерлерге тән деп саналған көкпар мен қыз кезеуі сынды ұлттық ойындарға баулып келеді.

Аида – ауылдың қарапайым қызы. Айша-Бибі – табиғаты көркем, төрт түлікке жайлы, мал шаруашылығына бейім мекен. Ол – бала күнінен жылқы түлігіне етене жақын өсіп, әке тәлімін, аға өнегесін бойына сіңіріп бойжеткен жан. Әкесі мен ағаларының жылқы бағып, түз тіршілігін кешкен сәттерін көріп өскен ол ат жалын тартып мінуді ерте меңгерді.

Әуелде бұл тек балаң қызығушылық болып көрінгенімен, уақыт өте келе ол жылқының тұтас бір



тіршілік философиясы екенін терең ұғына бастады. Сол ат үстінде сезілген еркіндік пен табиғатпен үйлесім – оның өмірлік ұстанымына айналған.

Әке тәрбиесі оның өміріне бағыт берген негізгі тірекке айналды. Әкесі үнемі «Жылқы – текті түлік» деп, оған құрметпен қарауды үйретіп отырды. Ағалары да қасынан тастамай, бірге ертіп жүріп, дала тіршілігін танытты. Соның арқасында ол еңбекке төзімді, сабырлы болуды ерте үйренді. Таңнан кешке дейінгі дала жұмысы оған қиындық тудырмайды, керісінше шындалудың бір жолы

болды. Табиғат аясындағы өмір оның мінезін қалыптастырып, рухын күшейтеді.

Уақыт өте келе ол әр жылқының өз мінезі болатынын түсіне бастады. Бірі жуас болса, бірі асау келетінін байқап, әрқайсысымен тіл табысуды үйренді. Осылайша жылқыға деген қызығушылығы сүйіспеншілікке ұласып, өмірлік жолына айналды.

Алайда, қыз баланың атбегі атануы жұртшылық тарапынан әуелде жылы қабылдана қойған жоқ. «Қыз балаға бұл кәсіп лайық па?» деген кертартпа күмән-күдік те бой көрсетті. Кейбірі оның бұл соқпақтан тайқып, орта жолдан

кері қайтарына да сенім артты. Бірақ қайсар болмысты Аида мұндай қаңқу сөзге қыңбай, қайта жігерін жанып, мұратына қарай нық қадам басты. Ол баһадүр бабалар дәуірінде ерлермен нық теңестіріп, атқа қонған арулар болғанын алға тартып, өз жолының ақиқаттығына бек сенді.

Әрине, бұл жолдың машақаты да аз болмады. Ат баптау – қыруар қаржы мен уақытты, қайрат пен төзімді талап ететін ауыр бейнет. Кейбір сәттерде қажып, баз кешкісі келген кездері де ұшырасты. Дегенмен, сондай алмағайып шақтарда отбасының демеуі мен

көкірегіндегі асыл арман оған қайтадан қуат бітірді. Ең күрделісі – ел санасындағы сірескен ұғымды өзгерту еді. Уақыт өте келе маңдай термен келген еңбегі ел көзіне шалынып, жұрттың да көзқарасы онала бастады.

Бірде Аида ауыл балаларының ойынын көріп, «неге қыздар шет қалуы керек?» деген сауал туып, сол сәттен бастап аз ғана қыздарды жинап, жеңіл жаттығулардан бастап кетті. Уақыт өте қыздардың бойында батылдық артып, олар өзара қолдау таба білді. Қазір көкпарға да, қыз қууға да қатысып, жақсы нәтижелер көрсетіп жүр.

Ат спорты батылдықты, төзімділікті және сабырлықты шыңдайды. Атқа күтім жасау – қажырлы еңбек, ал сәйгүлікпен тіл табысу – зерде мен түсінікті қажет ететін нәзік іс. Қыздар кейде сүрінсе де, қайта тұрып, тәжірибе жинап, өздерін шыңдайды. Олар бірге жұмыс жасап, өмірге қажетті қасиеттерді бойына сіңіреді.

Қазір Аиданың қарамағында бірнеше қыздан тұратын көкпар тобы бар. Олар тұрақты жаттығып, алдағы жарыстарға дайындалуда. Қыз қууға да көңіл бөлініп, олардың шабандоздық қабілеттері артып келеді.

– Мен үшін «рух» – адамның ішкі күші, жігерінің қайнар көзі. Ұлттымы ардақтап, дәстүрімді дәріптеу, қиындыққа мойымай алға ұмтылу – мен үшін рухтың айқын белгісі. Осы асыл қасиеттерді жас қыздардың бойына сіңіруді өзіме басты мақсат-мұрат етемін. Алдағы жоспарым да ауқымды. Қыздар арасында көкпар өнерін кенінен дамытып, әр деңгейдегі жарыстар ұйымдастырып, ат спортына арналған арнайы мектеп ашуды көздеймін. Ең бастысы – осы бастаманы үзбей, келер ұрпаққа сабақтастық ретінде жеткізу.

Мен үшін әр қадам – ұлттық дәстүр мен рухани мұраны күміс қалдырып, басқа да бойжеткендерге үлгі болу жолы. Осы мақсат жолында еңбек етіп, жігерімді арнаймын. Алдағы күндерде мен тек жарыстар ұйымдастырып қана қоймай, әр қыздың жүрегінде ұлттық дәстүрге деген махаббаты оятқым келеді. Сол кезде ғана менің еңбегімнің жемісі толық көрініс табады, – дейді кәсіпкер.

ҰСТАЗ-ҒАЛЫМ ҚАПАШ ТАСБОЛАТОВТЫҢ ТУҒАНЫНА – 100 ЖЫЛ

ӘДІСТЕМЕ ҒЫЛЫМЫНЫҢ АЙТУЛЫ БІЛГІРІ ЕДІ



Сәмен ҚҰЛБАРАК,
филология ғылымдарының
докторы, профессор.

Шіркін, зымыраған уақытты тоқтататын күш те, қуат та жоқ. Пенде-көңіл зымыраған уақыттың иірімінде шыр көбелек айналады. Өзінде ешқандай қауқар жоқ. Табиғаттың заңының алдында дәрменсіз. Сөйтіп, бір күні уақыттың жойқын иірімімен бетпе-бет келіп, мәңгілікке көзден таса болады.

Көзден таса болғанмен, көңілден көшпейтін тұлғалар болады. Соның бірегейі – Қапекен, Қапаш ағай, педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор, қадірлі ұстаз, айтулы әдіскер Қапаш Тасболатов ағамыз.

Адамның жақсылығы туралы айтқанда, ең алдымен, кезінде өзінді баурап алған абзал жанның адамдық қасиеттері ойға келеді. Қапекеннің өн бойы адамдық тазалықтан, ұлы ұстазға тән биязылықтан тұратын. Ешуақытта артық та, жеңіл де сөйлемейтін. Сырт қалпы қандай жинақы болса, салмақты қалып табиғатына соншалықты жарасымды болатын.

Сонау ХХ ғасырдың 90-жылдарының басында Жамбыл педагогикалық институтында алғаш қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы ашылып, кафедра жасақталғанда, жана ұжымның дінгегінің нық, абыройы асқақ болуында төрт тұлғаның айрықша беделі мен ұйымдастырушылық-жетекшілік қызметі болғанын бүгінгі күнде айтып өту тарих алдында әділдік деп білеміз. Олар: сол кездегі кафедра меңгерушісі, филология ғылымдарының кандидаты, доцент, әдебиет теориясының білгірі, қаламы жүйрік жазушы Рақым Айтбайұлы Садықбеков, педагогика ғылымдарының кандидаты, тамаша әдіскер Қапаш Тасболатов, филология ғылымдарының кандидаты, тамаша тілші-филолог Алтай Әшенұлы Байтелиев және тіл тарихы мен көне жазу тарихының білгір маманы, студент жастардың талапшыл қамқоршысына айналған аяулы ұстаз Мақтагүл Айтжанова болатын.

Бұлардың қай-қайсысы да жаңа кафедраны құруда, жас мамандарға үлгі болуда бірін-бірі толықтырып жататын. Алғашқы сәттен-ақ жоғары оқу орнындағы жауапкершілікті сезіндірді. Оқу, тәрбие процесінде болсын, қандай да бір іске жеңіл қарауға болмайтынын ұғындырды. Сол уақыттың мүмкіндігі ме, жұмыс қаншалықты көп болып жатқанмен, шығармашылық еркіндікке, ғылыми ізденіске ерекше көңіл бөлінетін. Бүгіндері Тараз қаласында немесе республиканың басқа жерлерінде қызмет атқаратын профессор-оқытушылардың ғылым жолына бетбұрыс жасап, кандидаттық диссертация қорғап шығуына толық мүмкіндік қана жасап қоймай, қатаң талап та қойылатын. Соның

нәтижесінде айналдырған төрт-бес, бес-алты жылдың көлемінде көптеген ғылым кандидаттары қатар түзеіп, кафедраның ғылыми әлеуетін биікке көтерген.

Осы бір еске алу сәттерін пайдаланып, айтып өту орынды ғой деп санайтын бір-екі жайларды еске түсіріп өтейін. Мақтагүл Айтжанова әпкейіміз көне жазу, көне грамматиканың білгір маманы бола отырып, пединституттың қазақ филологиясы мамандығының бірінші бітірушілері арасынан екі студентті арнайы даярлап шығарды. Біріншісі – Ғани деген жігіт. Екіншісі – Ерболат Саурықов. Екеуі де алғыр, институтты қызыл дипломмен бітіріп, сол жылы екеуі де ҚазҰУ-дің аспирантурасына түсті. Екеуі де ғылыми ізденіс жолын сәтті бастады – профессор, белгілі түрколог Алтай Аманжоловтың аспиранты атанды. Өкінішке орай, Ғани түрлі себеп-жағдайларға байланысты жұмысын тоқтатты да, Ерболат – алдымен кандидаттық, кейін докторлық диссертациясын қорғады. Институттың, кафедраның бірінші түлегі әрі бірінші ғылым докторы болды.

Осы ортада Қапаш Тасболатов ағамыз әр жүректен ерекше орын алатын.

Шындығы керек, институтқа келгенде Рақым ағаны да, Қапаш ағаны да білмейтінмін. Бірақ «Еңбек туы», қазіргі «Ақ жол» газетінің бетінде әдебиетке қатысты ғылыми-көпшілік мақалаларым біршама шығып тұратын. Жұмысқа қабылдануыма осы да себеп болды деп ойлаймын. Қапаш ағамыз әдебиетке қатысты материалдарды білетінін айтып, ықылас танытты. Рақым ағамыз қолдау білдірді.

Қапаш ағамыз әдебиеттің терең білгірі, ардақты ұстаз болуымен қатар, ең алдымен, әдебиетті оқыту әдістемесінің тәжірибесі мол, шын шебері еді. Мектепте ұзақ жыл жұмыс атқарып, мектеп директоры болған ол әдебиетті қалай оқыту қажеттігін жан-жақты зерттеп, тәжірибе жинақтады. Өз уақытының озық тәжірибесін бойына сіңіріп, жаңашылдығымен танылды. Сондықтан да оның есімі кезінде мектепте қазақ әдебиетін оқыту әдістемесімен айналысқан республиканың танымал ғалымдары Төлеутай Ақшолоқовпен, академик Серік Қирабаевпен, С.Тілепова, Ә.Дайырова есімдерімен қатар аталды.

Ал, әдістеме, біз білгенде, педагогика ғылымының басты салаларының бірі. Әдістемені ғылым ретінде терең игермесе, мұғалім қанша білімді болғанмен, есексіз қайықтай қиындыққа кез болары сөзсіз. Тақырыпты оқушыға жеткізудің сан тарау жолы, әдісі бар. Шеберліктің сан алуан қыры бар.

Бұл жөнінде Қ.Тасболатов: «...Әдебиет пені әдістемесі үшін әдеби құбылыстарды танытудың, білдірудің дұрыс ғылыми әдістерін табу, оқушылардың дүниетанымын, көзқарасын, өмірді дұрыс ұғынып түсінуіне көмектесетін, оқушының дұрыс қалыптасуына, дамуына ықпал ететін негізді қарастыру басты мәселе болып табылады.

Сол үшін арнайы әдіс жүйелерін тандап ала білуіміз, оны дұрыс қолдануымыз керек. Сонда ғана зерттеп, талдап, оқып отырған мәселелерімізді оқушыға жеткізе аламыз. Ол үшін тандап алған әдісіміз үйренуші үшін қолайлы, тиімді, ұғынықты, түсінікті болуы керек», – дейтін.

Ғалым-әдіскер үшін оқыту әдістемесі – кең дүние. Әдебиет пені тек көркем шығарманы ұғындыру ғана емес. Ғалым оның сан түрлі сипатын ашып көрсетеді. Ең



алдымен, ол оқушының дүниетанымы мен көзқарасын қалыптастыру; өмірді дұрыс ұғынып түсінуіне көмектесу; оқушының дұрыс қалыптасуына, дамуына ықпал ету болып табылады. Яғни, ғалым-ұстаздың ойынша, әдебиет пені болашақ ел азаматының озық ата дәстүрді бойына сіңірген, жүрегі таза, рухы биік тұлға болып қалыптасуына жол ашады.

Мұның астарында терең мән бар. Әдебиетті оқытуды автор ешуақытта тар көлемде алмайды. Әдебиет – ең алдымен, өнер. Оқушының өмір сырларын терең тануы да, адамдық ізгі қасиеттерді біліп, бойына сіңіруі де әдебиет пенімен байланысты. Әдебиет пеніндегі Абайдың адамның бойындағы ізгілік қасиеттерді ашу, тәрбиелеу жөніндегі ой-толғамдарының бір парасына ғана назар аударып көріңізші.

Талап, еңбек, терең ой,
Қанағат, рақым ойлап қой,
Бес асыл іс көңсеңіз.

Ұлы ақынның осы бір ауыз өлең жолдарында қаншама мән-мағына бар. Жай мұғалім үшін бұл судыратып айта салар өлең жолдары болуы мүмкін. Ал айтулы әдіскер ғалым Қ.Тасболатов үшін бұл – өмір, өмірдің мәні туралы әңгіменің кілті. Ғалым лекциясында осындай көл-көсір тағылымды әңгіменің талай рет куәсі болғанбыз.

Осы өлең жолдарын талдауда ұстаздың адамдық тұлғасы кеңінен ашыла түсетін. Сабыр, талап, жан тазалығы, кішіпейіл кейіп пен ұстамды биік мәдениет, педагогикалық шеберлік, байыпты сөз бен төгіліп түсіп жатқан шешендік – сөз бен істің, жан мен тәннің саф құйма бірлігіндегі анық көрінетін. Іштей мақұл көресің. Өзіңнің осындай ізгі жүректі жақсы адаммен бірге жүргенді мақтан тұтасың. Бәлкім, өмір осынысымен мәнді, қымбат.

Жасыратын несі бар, қазір сол кафедранан түлеп ұшқан жас та, жасамыс та өзінің бүгінгі биігіне жетуде сол ізгі жандардың алдында өзін борышты сезінеді. Өйткені олардың бірін-бірі толықтыратын жақсы қасиеттері нағыз ғалымның, нағыз педагогтың, нағыз ұлт жанашырының дара үлгісіндегі көрінетін.

Әдебиетті оқыту әдістемесінің бастау көзі ХХ ғасырдың басындағы «Айқап», «Қазақ», «Мұғалім», «Шолпан», «Сана», «Жаңа мектеп» секілді басылымдарда жатыр деп ой түйетін ғалым Ғ.Қараштың «Педагогика», А.Байтұрсыновтың «Баяншы», «Нұсқаушы»,

«Әліппе астары», «Қай әдіс жақсы?», Ж.Аймауытовтың «Педагогика», «Ана тілін қалай оқыту керек?», М.Жұмабаевтың «Бастауыш мектептегі ана тілі» еңбектеріне тоқталып, сол кездің өзінде-ақ әдеби шығармаларды оқыту мәселелеріне, оның әдіс-тәсілдеріне арнайы тоқталып, жан-жақты талдау жасап, көл-көсір әдістемелік мол мағлұмат берілгенін айтады.

Қ.Тасболатовтың 1999 жылы шыққан «Қазақ әдебиеті пені оқытудың әдіснамалық негізі» атты монографиялық зерттеуін зерделей отырып, қазіргі оқытудың көптеген көкейкесті мәселелерін кездестіреміз. Кейде дәстүрлі оқытудың кейбір жайлары назардан тыс қалып бара жатқан жоқ па деген ой алаңдатады.

Ғалымның зерттеуінде ұлы Абай мен ұлы Мұхтар Әуезов өмірбаянын, шығармаларын оқыту жолдарына аса мән беріледі. Ал Абай мен М.Әуезовті оқушылардың санасына сіңіру деген сөз – бұл қазақтың бүкіл ұлттық болмысын шәкірттерге ұғындыру. Бұл – аса күрделі, қиын міндет. Оның ғылыми зерттеуі осындай күрмеуі мол тақырыптарды ашуға бағытталған.

Абай мен М.Әуезов шығармаларын оқытуда шығарма тілін талдату арқылы оқушылардың танымдық белсенділігін арттыруды алдыңғы кезекке қояды. Әдіскер ғалымның талабында шығарманы оқып, мазмұнын білу жеткіліксіз, шығарманың тіл көркемдігін, байлығын, пластикалық бейнелілігін талдау жұмыстары негізінде игеру жолдарын қарастырады.

Ойланп көріңіз, қазіргі таңда мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеру туралы көптеген ой-толғамдар айтылып жатыр, өзге ұлттың өкілдері мемлекеттік тілді білуі қажет деп жатамыз.

Ал, бүгінгі ұрпақ, жас өрен, өз балаларымыз қазақ тілін қаншалықты біледі, қаншалықты ойын көркем, дәл, шешен жеткізе алады? Мемлекеттік тілдің көкейкесті мәселелерінің бірі осында болса керек.

Жас ұрпақтың тақ-тұқ, жұтқан сөйлеп тұруы, ауызекі тілден аса алмай жатуы – толғанатын үлкен мәселе. Қ.Тасболатов зерттеуінде оқушыларға, жас жеткіншектерге қазақ тілінің байлығын, көркемдігін, әуезділігін қалай игертеміз деген толғақты сұраққа жауап ізделінеді. Және оны танытудың әр алуан жолдары мен әдіс-тәсілдері ғылыми негізде қарастырылады.

Жалпы, біздіңше, Қ.Тасболатовтың ғылыми мұрасы зерттеуді қажет етеді. Қазіргі мектеп мұғалімдері оның жоғарыда аталған монографиялық еңбегін саралай оқыса, көп қажетті, пайдалы тәжірибелік ұсыныстарды табары сөзсіз. Әсіресе, сабақты проблема қойып оқытуға байланысты жақсы, ұтымды тәжірибелер бар. Кейде, жасыратыны жоқ, ғалымның еңбегін қарай отырып, қазіргі қазақ әдебиетін оқыту жайы бұрынғыдан төмендеп кеткен жоқ па деген ой келеді. Қазіргі мектеп бітіріп жатқан оқушылар көркем шығарманың тілін талдап білмек тұрмақ, кітап оқыта алып жүрміз бе деген сұрақ туындайды. Қазіргі мектеп оқушылары шығарма, мазмұндама, диктант жаза ма, осыған көңіл бөліне ме деген ой көлбеңдейді. Жаңа оқу-ағарту министрі Ж.Сүлейменованың мектепте бұрынғы жақсы дәстүрді қайта қозғап, шығарма, мазмұндама, диктант жазу туралы мәселені қоюы өте орынды деп білеміз.

Сондықтан да айтулы әдіскер-ғалым, ұлағатты ұстаз Қ.Тасболатов еңбегі уақыт өтсе де, еш мәнін жоймайды.



МЕНШІК ИЕСІ:
«Шұғыла-Радуга» газеті
редакциясы» ЖШС

Бас редактор:
Нұрасыл СҰЛТАНБАЕВ

Қабылдау бөлмесі: 2-17-98
Бас редактормен тікелей
байланыс: 87765549701

**Бас редактордың
орынбасары:**

Тілшілер:
Мақсат ЖҰМАБАЕВ 87059774177
Аружан КҮНТУБАЙ 87002642761
Ильяс ҚАЛЫБЕКОВ 87474240395
Құрбанәлі Шахабай 87788758489
Жұматай Көксубайұлы 87088419629
Ғалия АЛИЕВА 87075853423

Дизайнер-теруші:
**Бас редактордың
орынбасары:**
Тілшілер:

2-20-24
2-13-44

Газет ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінде
07.10.2021 жылы қайта тіркелген.
Тіркеу куәлігі №КЗ87ҰҰ00041240

Редакция авторлардың көзқарасы,
жарнама мазмұны үшін жауап
бермейді. Жарияланбаған хатқа жауап
қайтарылмайды.

Газет «Шұғыла-Радуга» газеті
редакциясында компьютерде теріліп,
беттелген. Қалыбы «Қанатты қалам
әлемі» ЖШС-нде жасалып, көбейтілді.
080012, Тараз қаласы, Төле би көшесі 36 Б.

Таралымы 3064 Тапсырыс №250

Нөмірдің кезекшісі: Мақсат ЖҰМАБАЕВ

Газет аптасына 2 рет,
сәрсенбі, жұма күндері
шығады.
Газета выходит 2 раза в
неделю, в среду и в пятницу.

Индекс: 68991

Электронды пошта:
sugyla@bk.ru

Біздің мекенжайымыз:
Индексі 080200, Аса ауылы,
Абай көшесі 78-үйі.